



A

Q

I

Q

A

T

## ТАЛЫС (Аңғарту орнына)

2 1930 жылдың 8 қазан күнгі шолақ тергеудегі алғашқы сұрақтар алыстан орағытылып барып қойылса керек. Мұхтар Әуезов «тергеу ісі бойынша нақты мынаны көрсетті: М.Әуезов: «Мен Байтұрсыновты 1918 жылдан бері білемін, ал онымен етене жақын араласқаным 1921 жылы Орынборға ауысып келген соң басталды. Тынышбаевпен Ташкентке ауысып барған кезде 1922 жылдың күзінен бастап таныспын. Халел және Жаһанша Досмұхамедовтермен де, И. Қашқынбаевпен де, А.Омаровпен де, Д.М.Әділеппен де сол Ташкентте таныстым. Қандай да бір ұйымның бар екендігін мен олардан естігенім жоқ». М.Әуезовке айып болып тағылған бұл сұрақтың қойылуына Ә.Байділдиннің: «Бұған қоса Байтұрсынов: қазақ жазушылары өзінің туындыларында тек қана қазақ ұлтының мұқым мүддесін қорғауы тиіс деп үндеу тастады... Әуезов Мұхтар мен Т.Ысқақов Даниал да 1923 жылы осыған үндеді, әдебиет мәселелерін ұлтшылдық бағытта талдады, өздерінің мақалаларында Аймауытов пен Кемеңгеров те солай істеді», – деген көрсетіндісі себепкерлік етті. Мұхтар Әуезов өзінің шәкірті Қайым Мұхамедхановқа мақтана айтып, түрмеде Ахмет пен Міржақыптың, Мағжан мен Жүсіпбектің, өзге де алаш азаматтарының әңгімесін емін-еркін тыңдап, айызы бір қанып қалғандығы туралы меңзеген кезі де «Байтұрсыновтың ісінің» тергеуі аяқталып, олар Мәскеудің пәрменін күтіп жатқан осы дүбара сәт болса керек. Міне, сол кезде Ақаң өзінің ақылын кейінгі ұсталғандарға айтып үлгерген тәрізді. Бұдан кейін «Алқа» әдеби үйірмесі туралы сұрақ қойылған сияқты. Бұл үйірме қақында Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев туралы тарауларда барынша тиянақты салыстырыла талданғандықтан да, біз тек М.Әуезовтің өзінің жеке басы мен көзқарасына қатысты әр көрсетінділерде айтылған тұстарды іріктей жинақтап, тұжырымдай ұсынамыз. М.Әуезов (жалғасы): «Ал, «Алқа» үйірмесіне байланысты айтарым мынау. 1925 жылдың басында «Табалдырық» әдеби тобының декларациясы қосып салынған Жұмабаевтың хаты маған почта арқылы келді. Ол: партияда бар және партияда жоқ 6-7 адамнан тұратын топ жария түрде «Алқа» әдеби үйірмесін құрғандығын, бұл туралы менің пікір білдіруімді, егерде бұл үйірмені қостайтын болсам, онда соның құрамына кіруімді өтініп, тілек білдіріпті. Мен ол кезде Семейде болатынмын. Мен «Табалдырықтың» декларациясын губерниялық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Тоқжігітов жолдасқа көрсеттім, бірақ та ол мұны бір айдай ұстады да, қайтарып берді, алайда нақты ештеңені ашып айтқан жоқ. Бұл декларацияның мазмұнынан ұққаным: үйірме ашық жұмыс істеу керек екен және баспасөзге араласуы керек көрінеді, өйткені өзінің бағыт-бағдарынан байқалып тұрғанындай, М.Жұмабаевтің бұрынғы көзқарастарына қарағанда мүлдем басқаша,

мазмұны жағынан солшылдыққа жақын, бүгінгі күнге бейімделе жасалған еді. Жұмабаев бұл бағдарлама (платформа) туралы маған баспасөз бетінде пікір білдіруімді өтініпті, бірақ та мен олай істемедім және оған жауап хат жаздым, мазмұны толық есімде жоқ, бірақ та әдеби мектептің өмір сүруі аса қажетті, көкейкесті мәселе, «Алқаның» талап-тілектерін қостаймын, кейбір дйттеген ұсақ мәселелер жазушылардың кеңесінде талқылануы тиіс екендігін ескерттім. Жұмабаев екеуіміз бұдан кейін де хат жазысып тұрдық, мен оған қаламгерлерді шақырып, қалайда кеңесу керек екендігі туралы жаздым, алайда «Алқа» жөніндегі мәселе бірте-бірте өшіп тынды. Қандай да бір астыртын ұйым туралы ештеңе естігенім де жоқ, білмеймін де. Күдеринмен арадағы қарым-қатынасым туралы Ташкентте берген жауабымда айтқан болатынымын. Мұхтар Әуезов». Қат-қабат хатталған көп томдық тергеу ісінің ішіндегі жауаптардың арасынан «Алқа» әдеби үйірмесі жөніндегі барынша толық тоқталған жауаптың бірі осы. Мұнда Мұхтар Әуезов өзінің көзқарасын ашық білдіреді. «Алқаны» ешқандай күдіксіз-ақ ақтап шығады. Тергеу ісі жаңа басталғандықтан да, бұл мәселеге Голощекиннің және барлық жазалау мекемелерінің қандай астарлы мән беріп отырғандығын аңғармауы әбден мүмкін. Өйткені, ол өзінің 1931 жылы 20 қыркүйектегі қосымша жауабында алдыңғы тәуекелден қайтпаған. М.Әуезов: «Сәрсенбаев Жәкеннің көрсетуіндегі «Алқа» әдеби үйірмесінің платформасы туралы Мағжан Жұмабаевқа жазған хатқа келетін болсам, оның айтқаны шындыққа жатпайды. «Алқаның» бағдарламасын және оған қоса жіберілген Жұмабаевтің хатын мен Семейде жүргенде алдым. Екеуі бір конверттің ішіне салынған. Ол туралы алдын-ала хат жазысқан емеспін. «Алқаның» бағдарламасынан заңға қарсы келетін ештеңе де байқамадым. Жұмысшылар комитетінің нұсқауымен ол хатты БК(б)П Семей губкомының үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және «Қазақ тілі» газетінің редакторы Тоқжігітовке тапсырдым. «Алқаның» бағдарламасы сонда қалды. Ал Жұмабаевқа: «Алқаны» негізінен қолдаймын және әдебиетшілердің үйірмесін құру үшін қазақ жазушыларын жинап, ресми тіркеу керек – деген мағынада жауап бердім. Хаттың толық мазмұны есімде қалмапты. Мен ол бағдарламаны бар ниетіммен қолдадым. Жұмабаевтің мені неге: «Ол бағдарламаны қостамады және шикі деп есептеді»,– деп айтқанын түсінбедім (Зады Мұхтарды «астыртын ұйымға қатысқан» деген айыптан құтқарғысы келген болса керек. Бұл қалыпты әрі түсінікті жағдай – Т.Ж.). Ұлтшылдық көзқарас менде болды және ол менің шығармаларымда да орын алды. Мен оны жасырмаймын. Ал, менің ондай көңіл-күйім астыртын ұйымның бағдарламасы бола алмайды. Университетте оқып жүрген кезімде маркстік ілімнің теоретиктерінен және өнертанушы ғалымдардан дәріс тыңдаған тұста менің әлеуметтік танымым мен өнерге, әдебиетке, оның қоғамнан алатын орнына деген көзқарасым біртіндеп өзгере берді». Осы көрсетіндісіндегі: «Мен ол бағдарламаны бар ниетіммен қолдадым.

Жұмабаевтің мені неге: «Ол бағдарламаны қостамады және шикі деп есептеді»,– деп айтқанын түсінбедім. ...Ұлтшылдық көзқарас менде болды және ол менің шығармаларымда да орын алды. Мен оны жасырмаймын»,– деген жауабы оның өзін шырғаға түсірді. Мұхтардың әуелгі жіберген қатесі де осы еді. Саясатқа шыныққан қайраткер түрме тергеушісіне бұлай жауап бермейді. Өйткені, Мұхтар Әуезовке қойылған тергеушілердің бұл сұрақтарының астары да өзгеше. Алдыңғы топ пен кейінгі топтың сұрақ-жауаптарының арасын бір жыл төрт ай уақыт бөліп тұр. Осы мерзімнің ішінде Жүсіпбек пен Мағжанның тергеу ісі аяқталып: «Алқа» әдеби үйірмесі – жасырын контрреволюциялық ұйым ретінде бағаланып», сотқа берілді. Олардың ізі суымай жатып қолға алынған ұлтшылдардың екінші тобына ойланбастан сол «айыпты» қылмыс ретінде таңа салды. Мұны, кез-келген талант иесіне тән аңғал адалдық десе де болады. Мұндай «формулировка» тергеушілер мен соттар үшін Ә.Байділдин өзінің көрсетіндісінде: «Алқаның» бар екенін мен жақсы білдім. Алғаш рет шамамен 1925 жылдары білдім. «Алқа» ұлтшыл Жұмабаевтің бастауымен Москвада ұйымдастырылған. Бұл әдеби үйірмені бүркемеленген астыртын ұйым болатын... 1927 жылдары Аймауытовтың, Кемеңгеровтің, Әуезовтің, Байтасовтың арасында хат арқылы пікір алысулар болыпты. Жұмабаев Москвада, қалғандары Шымкент пен Ташкентте тұратын», – деп түсінік берді. Иә, саяси терминді жақсы білетін Ә.Байділдин «Алқа» әдеби үйірмесін – «астыртын қоғам» етіп оп-оңай өзгерте салған. М.Әуезов (жалғасы): «Байділдиннің «Алқа» туралы берген көрсетіндісі дұрыс, әдеби үйірмені принципті түрде қолдағанымды бұрынғы түсінігімде жазған болатынымын. Мен Жұмабаевқа бір-ақ рет хат жаздым, астыртын ұйым туралы ештеңе естігемін жоқ». Бұл көрсетіндіде мәтіндік бұлдырлық бар. М.Әуезов Ә.Байділдиннің «Алқа туралы пікірін құптайды, бірақ, астыртын ұйым туралы естімегенін айтады. Ал, Ә.Байділдин мұны: «Бұл әдеби үйірме бүркемеленген астыртын ұйым болатын», – деп нақты көрсетіп тұр. Иә, алдыңғы тарауларымызда айтқанымыздай, «Алқа» үйірмесі мен «Табалдырық» атты бағдарламада ешқандай «жасырынбақтың» жоғы анық. Алайда, тергеушілер оны «контрреволюциялық ұлтшыл астыртын ұйым» ретінде қылмысқа жатқызды. Істің насырға шауып бара жатқанын аңғарған М.Әуезов 1931 жылғы 29 қыркүйек күнгі жауабында: «Жасырын құрылған астыртын ұйым-мыс деп жүрген «Алқа» әдеби үйірмесінің бағыт-бағдары туралы мәселе жөніндегі менің пікірімді сол кезде Семей облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Тоқжігітов жолдастан сұрап білуіңізді табанды түрде өтінемін, «Алқаның» бағдарламасын оған көрсетіпін бе, жоқ па, оған беріпін бе, жоқ па, соны анықтаңыздар, демек, соның өзінен-ақ мұнда ешқандай жасырып-жабушылықтың (нелегальщинаның) жоқ екендігі байқалады», – деп куә іздей бастайды. Бұл тым кеш ширьғу болатын. Өйткені, бұл кезде:

«Жастардың арасындағы өздерінің ықпалын күшейту үшін және ұлтшыл рухтағы жастарды дайындау арқылы өздерінің идеяларын бұқара қауымның арасында кеңінен тарату үшін контрреволюциялық ұйым баспасөздегі, мәдени-ағарту мекемелеріндегі және ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі, жоғары оқу орындарындағы, ең бастысы, әдебиет саласындағы контрреволюциялық әрекеттерін өршіте түсті. Астыртын ұйымның бұрынғы мүшелерінің көмегімен басылып шыққан кітаптар – бұқара халықты ұлттық рухта тәрбиелеуге, хан мен батырлардың дәуірін аңсау сарынында, кеңес өкіметіне наразылық тудыру рухына бағытталды. Жекелеген әдеби еңбектерді дайындау белгілі бір тәртіп бойынша жүргізіліп, ұйым мүшелеріне өзара бөлініп беріледі. «Алқа» атты астыртын әдеби үйірменің өмір сүруі әдеби еңбектерді белгілі бір тәртіп бойынша бөлісіп дайындауға ұйытқы болды, оның бағыт-бағдарын («Табалдырықтың») анықтауға М.Жұмабаев және айыпталушылар Даниял Т.Ысқақов, Х.Досмұхамедов, Мұхтар Әуезов пен Қошмұхамед Кемеңгеров қатысты», – деген «Айыптау қорытындысы» жазылып қойған еді. Сөйтіп, әуелде, «Алқа» әдеби үйірмесіне қатысып, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын оқығаны үшін айыпталған Мұхтар Әуезовтің «қылмысы ауырлап», енді кеңес өкіметінің экономикасына қастандық жасаған бүлікшіл, оқу-ағарту ісіндегі шараларға кедергі келтірген, марксшіл ілімге қарсы үгіт-насихат жүргізген идеологиялық дұшпан болып шыға келді. Тергеу барысында мұның барлығын жоққа шығарған Мұхтар Әуезов осыдан тоғыз ай кейін жазған «Ашық хатында» жоғарыдағы пікірлерінің бәрін теріске санап, «қатесін мойындады». Тіпті, «Алқа» үйірмесі туралы да мүлдем басқаша пікір білдірді. Ол: «Алқаның» бағытын әдебиеттегі жаңа төңкерісшіл бағыт деп қабылдауым да теріс еді. Анығында ол марксшылдыққа құрғана иек сүйеп отырып, негізінде бұрынғы тар ұлтшылдықты қайта тереңдетіп, қайта қалыптап, қайта нығайтамын деген жол болатын. Мен оның негізгі бағытын қаталасып барып, көтере бағалаппын. Қазір де қазақ жазушыларының алдында тұрған төңкерістік міндеттерді түсіну жолында, мен ол «Алқаның» теріс ұлтшылдық бағытынан бойлап астым. Сондықтан бұдан былай онымен ешбір байланысым жоқ деп санаймын», – деп алдыңғы пікірінен айнып кетті. Шығар үкім шығып қойған соң дәл осылай бүгежектеудің қажеті бар ма еді? Бар еді. Өйткені, бостандыққа шығарғанмен де, еркіндік бермейтін. Бұл «Ашық хат» аз да болса тыныс алудың амалы еді. Біз «Алқа» үйірмесі туралы деректерді жинақы беру мақсатында сәл ілгерілеп кеткенімізбен, кейін ұзақ уақыт жауапқа тартылмайды. Өйткені, олардың қолында М.Әуезовтің астыртын ұйымға, басмашылар қозғалысына, ақ гвардияшылардың жазалау әрекеттеріне, мойынсерік пен тәркілеу науқанына, жер телімі жөніндегі айтыс-тартысқа қатысқаны қақында нақты айғақтар да жоқ еді және олардың көкейін тескен оқиғалар өткен тұста Мұхтар Әуезов Ленинград қаласында оқуда жүрген болатын. Бұл оған түрме

тергеушілерінің қойған сұрақтарына жалтара жауап беруге мүмкіндік жасады. Алайда, Голощекиннің өзі партия конференциясында Мұхтар Әуезовті «контрреволюцияшыл ұлтшыл» деп ашық жарияланғандықтан да істі тоқтатудың ешқандайда лажы жоқ болатын. Сондықтан да, өткендегі оқиғаларды қоздырып-қотарып, қашан ілік тауып, ресми айып таққанша біраз уақыт өтті. Сонымен, тұтқындалғаннан кейін үш айдан соң барып ресми түрде айыптау қорытындысымен танысып, өзіне тағылған айыптардың шындыққа сәйкес келмейтіндігін айтып, оған қарсы уәж білдірді. «ГПУ-дің өкілетті өкілінің орынбасары Альшанскийге және Попов жолдасқа Тұтқын Әуезов Мұхтардан Мәлімдеме 6/XII күнгі маған көрсетілген айыптау қорытындысына қарағанда мен 58-статьяның 7 және 11 тармақтары бойынша жауапқа тартылыппын, оның мағынасына (формулировкасына) орай менің түсінгенім мынау: мен Досмұхамедов пен Тынышбаевтің ұйымының құрамына мүше болыппын-мыс және сол ұйымның тапсырмаларын орындай жүріп, кеңес мекемелеріндегі бұл ұйымның идеялық ықпалын күшейтуге әрекеттеніппін, жерге қоныстандыру, баспасөз, мектеп саласы бойынша жүргізілген аса маңызды шараларды жүзеге асыруға тосқауыл қойыппын, мұндай мемлекеттік жоспарлы істің атқарылуына мен кедергі жасаппын-мыс». Халел және Жаһанша Досмұхамедовтің де, Мұхамеджан Тынышбаевтің де тергеушіге берген жауабында Мұхтар Әуезов «астыртын ұйымның мүшесі» ретінде аталмайды. Тек Қазақ зерттеу орталығындағы ғылыми басылымдардың авторы қатарында бір-екі рет тізім ішінде көрсетілген. Сондықтан да, бұл арада тергеушілер М.Әуезовті шырғаға түсіру үшін алаш көсемдерінің есімін алға тартқан сияқты. Ал, ондай қағыстырулар мен шағыстырулар дәстүрлі тәсілге айналды. Дәлел ретінде Х.Досмұхамедовтің тергеушіге берген мәлімдемесін еске алсақ та жеткілікті. Сондықтан да, бұл арада Х.Досмұхамедов пен М.Тынышбаевтің еш қатысы жоқ. Тек тергеу ісінің тысына «М.Тынышбаевті, Х.Досмұхамедовті және басқаларды айыптау туралы № 06610 іс» деп жазылған жазу ғана олардың «қылмыстарының» басын қосып тұр. М.Әуезов (жалғасы): «Мен өзімнің өмірімде қандайда бір мекемеде істемейін, бірде-бір рет 7-тармақтағы айыптаудан туындайтын экономика саласындағы контрреволюциялық бүлікшіл әрекетпен айналысқан емеспін және бұл айыптың маған қатысы бар екендігіне ешқандайда сенбеймін». Иә, Мұхтар Әуезовтің өзі солай есептегенімен де оның кеңес өкіметіне қызмет істеуінің өзін «қаражүзділік» деп бағалайтын «жанашырлары» жеткілікті болатын. Оның «контрреволюциялық әрекеттері» туралы мағлұматтар жиырмасыншы жылдың басынан төтенше мекеменің тартпасына жиналып жатқан. Тергеу барысында сол деректер мен басылымдардың барлығы да қаперге алынғаны анық. Мысалы, сабырлы азамат, салмақты жазушы қатарындағы Сабыр Шариповтің өзі «Алашорданы» әшкерелеуге ерте қамданыпты. Ол өзінің 1922 жылы маусым айында

«Степной правда» газетінде жарияланған «Шығыс Қазақстандағы революциялық қозғалыстың тарихы» атты мақаласында алаш қозғалысын жексұрын етіп қана көрсеткен жоқ, сонымен қатар: «Алаштың көсемі боп тұрған кезінде, 1918 жылы шілде айында Бөкейханов «Сарыарқа» газетінің №42 санында жарияланған: кеңеске қатысы бар барлық қазақтарды тұтқындау, олардың балалары мен әйелдерін таланға салу туралы өзінің атақты №1 бұйрығын шығарды. Соның салдарынан бұрынғы қызылармияшы Жәнібеков және басқалар тұтқындалды. Комитеттің көрнекті жетекшілері Әуезов, Сәдуақасов, Байділдин және басқалар болды. Бұл комитет ресми түрде мәдени-ағарту сипатында жұмыс істеді, бірақ та олар Алашорданың саяси үйірмесінің ізбасары ретінде ұлттық рухта әрекет етті»,– деп «әшкерелеп», М.Әуезовті қанды қол жазалаушы етіп шығарды. Алаш идеясы мен «Алаш» партиясының ыстық-суығы басылмай, «әшкерелеу науқаны» басталмай тұрған өліарада С.Шәріповтің «қаламұшын бұлай асыра сілтеуінің» себептері түсініксіз. Оны осы тұстағы еуропалық ұлт өкілдерінің Семей губерниясының Қазақстанға қосылуына қарсы белсенді әрекетімен, С.Сәдуақасовтың Семей губкомын таратып жіберуімен, М.Әуезовтің губкомның төрағалығына сайлануымен, Ә.Байділдиннің бұл шешімді қолдап мақала жазуымен ғана түсіндіруге болады. Сонда, Сабыр Шәріповтің ұстанымы қандай болғаны? Демек, қазақ ұлтының аштан қырылып жатқаны жанына батпаған және қазақ жерінің тұтастығына мойынсынбаған – деген күдік ұялайды. Ал, «Алаш ісі» тергеуі барысында бұл мақала тергеушілердің қолында болғаны еш күмән тудырмайды. Және идеологиялық әшкерелеу – шынайы большевик Сабыр Шариповтің тұрақты құлақ бұрауына айналған тақырыбы. Кім өзін жендет етіп көрсеткен адамды ұнатады? Жоғарыдағы мақалаға орай «шығыс алашордашыл жендет» М.Әуезовпен екеуінің арасында үлкен «қақтығыс болған». Ол Мағжан Жұмабаев пен Жұмағали Тілеулиннің Қызылжарда өткен қазақ зиялыларының кеңесінде «Аштарға көмек көрсету» туралы сөйлеген сөздерін «ауырсынып», өзінің «естімегеніне» өкініп: «Көпшілігі мәселені талқылауға дәрменсіз қазақ интеллигенциясы мен жаңадан тартылған коммунистерді қатыстырып Қазақ кеңесін өткізудің қандай қажеттігі бар? Қазақ кеңесін шақыруды кім шығарғанын білмеймін, алайда өткен жылы Орынборда бұл идеяны ұсынған «Бөкейханов бабай» дегенді естігемін»,– деп Губкомға арыз жазыпты. Осы арыздың сыртына қарындашпен: «Бұл фракция да емес, кеңес те емес, тек орыс тілін білмейтін қызметкерлердің жиналысы ғана. Оларды үйірмеге ертіп келген Шарипов емес қой. Мен мұны үнемі жиналыс деп атаймын. Бұл Шарипов пен Әуезовтің арасындағы қақтығыстан кейін туындап отырған жоқ па екен? Шариповтің Айбасов туралы мәлімдемесі жалған емес пе? Ондай мәселе көтерілген жоқ қой. Жиналыстың мақсаты: партияда жоқ көпшілікті тарту ма? Жұмабаевті де. Уәкілдің келуіне

байланысты дайындалған», – деп («Алашорда қозғалысы», 3 том, 1-кітап, 105-106 бет) бұрыштама соғылыпты. Сол жылдары «әдетке айналған» мұндай «қызылтұмсық арызға» назар аударуымыздың себебі, бұрыштамадағы «Шарипов пен Әуезовтің арасындағы қақтығыс» деген тіркес. Арызға дейін Ақмола азық-түлік комиссиясының төрағасының орынбасары, арыздан кейін Губаткомның төрағасы болып шыға келген С.Шарипов: «Бөкейханов бабай», «өресіз қазақ интеллигенті», «өте ықпалды әрі беделді ұлтшылдар Жұмабаев пен Тілеулин», «шығыс алашордашыл жендеттер», «қазақ кеңесінің өткізілуі мүлдем орынсыз, оған жол беруге болмайды», – деген тіркестерді партиялық тазалау тұсында тегін қолданып отырған жоқ. Өйткені, бұл мәліметтердің барлығы тексеру комиссиясына түседі, онда саяси тұрғыдан өңделіп, төтенше комитетке беріледі. Сондықтан да, М.Әуезовтің «өткен қызметімнен мін табуы мүмкін емес», – дегені өзін-өзі жұбатқан алдарқату. Ал «жымсытпа арызды» жауып тастап отырған кім? Орынбордағы Халық Комиссариатының атынан келген уәкіл А.Кенжин. Демек, арызды басып тастауға қол қойған да сол болуы мүмкін. М.Әуезов (жалғасы): «Оның үстіне мен 1924 жылдан бастап Қазақстанда қызмет істегемін жоқ (1924 жылға дейін Ленинградта тұрып оқыдым, ал 1928 жылдан бастап тұтқындалған күніме дейін Ташкентте тұрдым, САГУ-дің ғылыми қызметкері болып істедім)». Бұл жауаптың «саяси астары» Ә.Бөкейханов пен Ә.Ермековке қатысты тұстарда кейінірек талданады. М.Әуезов (жалғасы): «Сондай-ақ соңғы екі жылда мұнымен қоса қазақ мектептерінде (оқу-ағарту институтында және орман шаруашылығы техникумында) қазақ әдебиетінің тарихының оқытушысы ретінде өткізілген дәрістерімді өкіметтің ағарту саласындағы бекітіп берген бағдарламасына қарсы жүргізді-міс деген айыпты да мойындамаймын, керісінше, қазақ әдебиетін маркстік әлеуметтік тұрғыда оқытуды негіз етіп алған менің жұмысым өзінің пайдасын тигізгеніне және Қазақстанның орта мектептерінің әлеуметтік бағытына сай жүргізілгеніне ешқандай шүбәсіз сенемін. Бұл бағдарлама қазақ әдебиеті мен қоғамтану пәндерінің оқытушыларының 1930 жылы жазда өткен өлкелік кеңесінде бекіген болатын. Екі жылдық ұстаздық қызметім тек осы бағдарламаның негізінде жүргізілді, ал бұл бағдарлама марксизмге жат идеология мен қондырғылардың барлығын батыл ысырып, теріске шығарады». Бұл тұрғыдан алғанда Кеңес өкіметінің М.Әуезов туралы көзқарасы мүлдем кереғар. Оған БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары Мартыненко мен хатшысы Оңғаровтың 1929 жылы 21 ақпан күні Орта Азия мемлекеттік университетінің ректорына қарата, «өте құпия» түрде М.Әуезовке: «Сіздің Голощекиннің атына жолдаған ж.Әуезовке мінездеме беру жөніндегі сұрауыңызға мынаны хабарлаймыз: Әуезов жолдас коммунистік партияның мүшесі болды, оған дейін «Алашорданың» ықпалында жүрді. Әуезов өзінің әдеби жарияланымдарында белгілі бір



деңгейде буржуазиялық-ұлтшыл идеологияны ұстанды. Тек кейінгі жылдары ғана оның көзқарастарынан бұрынғы буржуазияшыл-ұлтшыл бағытынан бас тартқаны байқалды. Осыған қарап және қазақ әдеби қайраткерлерінің тапшылығын ескеріп, ж.Әуезовтің ОАМУ-дің (Орта Азия Мемлекеттік университеті – Т.Ж.) ғылыми қызметкері болып орналасуына келісімін береді»,– деп берген мінездемесі дәлел. Яғни, Әуезовтің өз білімін өзіне несиеге берген. М.Әуезов (жалғасы): «Баспасөз беттеріндегі мақалаларыма орай сіздің назарыңызды мына мәселеге аударамын: Қазақтың мерзімді баспасөздеріндегі идеологиялық күрес пікір алысу (дискуссия) үрдісінде бірнеше жыл бойы жүргізілді, мені сырттай қосақтап кіргізіп қойған әдеби топтың көзқарасын көздеп бір де бір мақала жазған (1922-23 жылдан кейін) жоқпын. 1926 жылғы қаңтар айынан кейін жарық көрген жалғыз шығармам – «Қилы заман» повесі. Алайда, ол тарихи шығарма болғандықтан да, бүгінгі күнге ешқандай қатысы жоқ. Ал, соңғы жылдары басылып шыққан оқу құралдарына келетін болсақ, мен оны қазақ мектебінің бастауыш кластарына көмек көрсету үшін ғана жаздым. Жалпы алғанда, мен өзімнің әдеби шығармаларымда ешқашанда контрреволюциялық арандатуға барған емеспін, егерде алғашқы кезде жіберген идеологиялық ауытқуларым болса, онда оның қандай дәрежеде зиян әкелгендігін, қандай пайда келтірілгенін тергеу орындары емес, Өлкелік комитеттің тиісті бөлімдері анықтауы тиіс. Сондай-ақ, жоғарыда аталған туындыларды 7-тармаққа әкеп қосақтау – шектен шыққандық деп есептеймін». Шындығында, мәселе, Досмұхамедов пен Тынышбаевта да, «Қилы заман» мен «Соңғы соққыда» да емес, мәселе, тергеу ісі басталмай жатып кеңес өкіметінің идеология қайраткерлерінің атынан жолдаған «Ашық хатта» болатын. Бұл – алдағы уақытта жік-жікке бөлініп қайырылатын жауаптың басы ғана еді. Тергеу арасының ұзаққа созылуы Мұхтардың ойланып жауап беруіне мүмкіндік жасағанымен, түрменің жағдайы оған әсер етпей қойған жоқ. Халел Досмұхамедов пен Мұхамеджан Тынышбаев туралы пікіріне келетін болсақ, біріншіден, мұны әр тұлғаның арасында бола беретін қарым-қатынас ретінде қараған жөн. Екіншіден «аразбын» деу арқылы олармен ара жігін ашып алып отыр. Бұл – сыналған, сынақтан өткен, өзін-өзі ақтаған «түрменің заңы». Оны бұдан кейін берілген, сырт қауымға, тіпті, осы мәселемен дендеп жиырма жыл айналысқан бізге де басында түсініксіздеу көрінген, әр қилы желеуге жетелейтін төмендегі жауаптан анық байқаймыз: М.Әуезов (жалғасы): «Соңғы айтарым: Досмұхамедов пен Тынышбаевтың астыртын ұйымына қатысың бар деген айыпты маған жабылған жала деп есептеп, одан мүлдем бас тартамын, басқасын былай қойғанда, мен оларды сондай бір сүйкімді саяси тұлға деп ешқашанда таныған емеспін. Тіпті қиыннан қиылысып, жолымыз тоғыса қалған күннің өзін де, бұл екі адамға деген менің көзқарасымның терістігіне байланысты, қасақана олармен бірге жүрмес едім. Бұл екі адамға деген

өзімнің бағамды мен 1926 және 1927 жылдары-ақ беріп қойғанмын. «Сұғанақ сұр» повесім мен Абайдың өлеңдеріне жазған алғы сөзімде білдіргемін (Бұл екі қолжазбаны сіздердің адамдарыңыз өзге жазуларыммен қоса алып кеткен болатын)». Міне, дәл осы арада бір гәп бар! Қос ардагерге мұндай баға лайық емес екені, әрине, түсінікті. Тағдырлы, талантты тұлға дәрежесіне көтерілсе де, тура сол жылдарғы М.Әуезовтің ұлттық күрес жолындағы беделі М.Тынышбаев пен Х.Досмұхамедовті менсінбейтін деңгейге көтеріле қойған жоқ болатын. Мұның негізгі астары мынада: А.Байтұрсыновтан бастап М.Әуезовке дейінгі тұтқындар өздерінің жақтастарын әдейі шеттетіп, «оны жек көремін», «онымен аразбын», «оны мойындамаймын» деп жорта жауап берген. Бұл – әріптесін қосымша айғақтан құтқарудың амалы болып табылады. Ал, көркем шығармаға тән өмірлік және көркемдік шындық тұрғысынан келетін болсақ, бізді мәтқапы қалдырып, тәнті етіп жүрген «Сұғанақ сұрдың» желісіне Ташкент қаласында өткен, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов арасындағы бір хаттың тарихына қатысты оқиға арқау болған деп жорамалдауға толық негіз бар. Оның жай-жапсары Д.Әділев, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов туралы тарауларда барынша қамтылып берілген. Бұл «кішкентай кілтипанның өзі», шындығында да, көркемдік шындыққа сұранып тұрған бопсалы тақырып. Бірақ, оның тергеушілерге келімді-кетімдісі шамалы болатын. М.Әуезов (жалғасы): «Байларды тәркілеуге қатысты көзқарасымды бір повесть пен орыс тілінде жазылған «Соңғы соққы» атты либреттомен білдірдім, онда бұған аса маңызды революциялық шара деп баға бердім. Бұл «Соңғы соққы» деген атпен «Шығыскиноға» тапсырылды. Мұнда ешқандай өшпенділік жоқ, сол шараларды жүзеге асырған кездегі адамдардың шынайы ізгілік сезімі суреттеледі. Әуезов. 12/ XII – 30». Соңғы жауабы өте аңғарлы, ойластырылған, үмітке жетелейтін түлкі бұлтақпен жазылған. Осы алғашқы көрсетіндінің өзінен бұл тергеудің «Ашық хатпен» аяқталатынын аңғартады. Сондай-ақ, бұл іске тіркелген М.Тынышбаев пен Х.Досмұхамедовке қатысты бетте де осы көрсетіндімен тәмәмдалады. (Басы өткен санда. Жалғасы бар)

Тұрсын Жұртбай, жазушы